



№ 31 (1500)
8 қазан
2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛУЫ КЕРЕК

4-5 қазанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ТМД-дағы экономикалық мәдениет және қоршаған ортаны қорғау жылы аясында «Экологиялық мәдениет пен қоғамның қалыпты дамуының заманауи тәсілдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға ТМД, АҚШ, Қытай елдерінің эколог ғалымдары, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Алматы қаласының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы өкілдері қатысты.



Жалғасы 3-бетте

1500 рет...

Қолыңызда «Қазақ университеті» газетінің 1500 саны. Алғаш 1948 жылы жарық көрген университеттің төл басылымы биыл 20 сәуірде 65 жасқа толып, бүгін, міне, 1500 рет басылып отыр. Газет тарихында бұл күндердің орны ерекше.

Кезінде газетке басшылық еткен белгілі ғалым, академик Қайрат Сақ «Университеттің көзі, құлағы һәм тілі» деп бағалаған «Қазақ университеті» – қызметкерлерді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен, жаңа оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, монографиялармен, сонымен қатар студенттің мамандық игерудегі жаңа көркем шығармашылықтағы табыстарымен таныстырудың үддесінен шығып келе жатқан жаңашыл басылым.

Газет тарихына тоқталар болсақ, «Қазақ университеті» – негізінен студенттерге арналып шығарылған басылым. Ол өз тарихында көптеген белгілі қаламгерге шығармашылық мектеп болды. Газеттің сыртқы беті 2007 жылдың наурызынан бастап түрлі-түсті болып жарық көруде. Газет басшылығының тізгінін ұстаған редакторлар санатында Ш.Р. Елеуенов, А.Ф. Мархабаев, С.Қ. Қозыбаев, Д.Ы. Ысқақов, Г.С. Сұлтанбаева, М.Т. Мұқашева, К. Қамзин, Қ.Ө. Сақ, Д. Смайыл сынды білікті ұстаздар, жазушылар, қоғам қайраткерлері бар. 2011 жылдан бастап газет апта сайын жарық көруде.

65 жылдық тарихы бар басылым заман сұранысына орай өзгеріп, даму үстінде. «Рух», «Жалын», «Кафедра», «Алаштан қалған асыл сөз», «Тұғыр» сынды студенттер шығармашылығын жариялайтын тұрақты айдарлармен қоса «Менің ұстазым», «Маман мінбері», «Үздік студент» «Жезқоңырау», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Айналады нұрландыр» сынды жаңа айдарлар жарық көруде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы білім және ғылым саласының көшбасшы университеті, қасиетті қара шаңырақ екені белгілі. Бұл ордада білім беретін ғалымдар да, оқытушы-профессорлар құрамы да елімізге, әлемге танымал. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының қай-қайсысы да тың жаңалықта, бастамада, өзекті тақырыптарда ҚазҰУ ғалымдарының пікірін негізге алып, қоғамдық пікір қалыптастырады. Бұл орайда «Қазақ университеті» газеті киелі білім және ғылым ордасының зиялы, әлеуеті зор ғылыми, мәдени ортасымен өзара тығыз қарым-қатынаста. Отандық жетекші ғалымдардың, бүгінгі студенттердің, болашақ элитаның тың пікірлері де, зор бастамалары да, ең алдымен, осы университет басылымында жарияланып отыруымен де «Қазақ университеті» газеті құнды. Бүгінде өзінің 1500 санын жарыққа шығарып отырған басылымды зиялы қауым өкілдері, жас ақындарымыз, журналистеріміз, болашақ мамандарымыздың ешқашан жатырқаған емес, редакция да от тілді, орақ ауызды оқырмандарының жаңалығына қолдау танытып, газетті оқырмандарымыздың өз мінберіне айналдырып отыр. Университет тыныс-тіршілігін бұқараға жариялап, ұлттық университетті ұлықтауда «Қазақ университетінде» белсенділік танытып отырған авторларымызға да алғысымыз шексіз. Міржақып Дулатов: «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты» деп дәл анықтама бергеніндей, университеттеріңіздің төл газетінде ұтымды ойларыңызбен, маржан сөздеріңізбен, ұлағатты істеріңізбен бөлісуден құр қалмаңыздар.

«Қазақ университеті» газетінің редакциясы

КАФЕДРЕ БИОФИЗИКИ И БИОМЕДИЦИНЫ - 75 ЛЕТ

4 октября в КазНУ состоялась международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы физиологии, биофизики и медицины», посвященная 75-летию кафедры биофизики и биомедицины и основания научных школ по физиологии человека и животных.

В работе конференции приняли участие ведущие учёные вузов, мировых научных центров Казахстана, Кыргызстана, России, Израиля, США и других стран. Среди них профессора университета им. Бен-Гуриона (Израиль) М.Даниленко, университета Дрексел (США) З.Орынбаева, ректор Академии государственного при Президенте РК, академик Б. Абдрасилов, представители Института физиологии им. И.Павлова РАН (РФ) – заведующий лабораторией экспериментальной эндокринологии Л.Филаретова, старший научный сотрудник лаборатории физиологии дыхания Ж.Донина, заведующий лабораторией физиологии дыхания Н.Александрова, старший научный сотрудник лаборатории экспериментальной эндокринологии Т.Подвикина, профессор Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена (РФ) В. Александров, главный научный сотрудник Института биофизики клетки РАН (РФ) профессор Ю.Ким, главный научный сотрудник Института теоретической и экспериментальной биофизики РАН (РФ) профессор Г.

Миронова, директор Института Физиологии гор НАН КР (Кыргызстан) профессор А.Шаназаров и т.д.

Они обсудили актуальные проблемы физиологии человека и животных, биофизики, биомедицины, современной биологии, поделились результатами своей научно-исследовательской деятельности и установили новые перспективные направления сотрудничества в научной сфере.

Надо отметить, что развитие биологической науки как в нашей республике, так и за рубежом немаловажно без соответствующей политики в подготовке высококвалифицированных кадров. Данная политика должна учитывать тенденции в развитии биологической науки и особенности её конкретных областей, а также время, необходимое для обеспечения нужного количества специалистов в данной отрасли.

Следуя этому принципу и учитывая характер развития биологической науки в Казахстане, в конце 30-х годов был поднят вопрос о необходимости подготовки специалистов-физиологов человека и животных в Казахском государственном университете им. С.М. Кирова, разбирающихся в новейших и классических методах исследования, использования техники в биологии. У истоков создания кафедры стояли такие ученые, как Н.Павлов, К.Нурмагамбетов, А.Полосухин, М.Розенберг, М.Авазбакиева, Х.Дюсембин, К.Рымжанов, З.Аскарлова.

Учебный процесс на кафедре начался в 1938-1939 учебном году. С 1968 по 1972 годы осуществлялась

Продолжение на 3 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

БАЛА КЕЗДЕН
ЖЫРСЫЗ ТАҢЫМ
АТПАҒАН...



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖЕЗ
ҚОҢЫРАУ



7-бет

БҮГІНГІ САНДА:

1500 рет...



8-бет

РЕКТОРАТ

НӘТИЖЕ НАҚТЫ БОЛУЫ ШАРТ

Университет қызметі үшін маңызды әріптестік байланысқа ҚазҰУ қашанда үлкен көңіл бөліп келеді. Кешегі ректорат мәжілісінде де кезекті әріптестік байланыс орын алды. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы, химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердос Қалимоллаұлы және «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы» АҚ президенті Зинеш Садырқызы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімшартқа қол қойды.

Университет басшысы бұл келісімнің екі жақты тиімділігін атап өтіп, инновация мен жаңа технологияны меңгеру заман талабы екендігін баса айтты. «Біз енді барлық қызмет саласын үйлестірумен шектелмей, өзара тығыз біріктіруге күш салатын боламыз. Біртұтас жүйеге айналу арқылы университет бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие, сапалы біліммен қаруланған білікті де бірегей маман даярлауда зор жетістіктерге ұмтылмақ», – деді Ғалым Мұтанов. Осы орайда ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламаларын түбегейлі қайта қарап, жіті сараптаудан өткізгені белгілі. Білім беру бағдарламалары еуропалық талаптарға сай, әлемдік стандартқа

негізделіп жасалды. Мәжіліс барысында оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Жұмақанұлы әлемдік тәжірибеге көз тастай отырып, білім беру үдерісіне негізгі оқу жоспарларын енгізудің әдістемелік аспектілеріне тоқталды. «Бірқатар сабақтардың аты өзгерді. Онымен қатар заты да өзгеруі тиіс. Әлемдік тәжірибе білім беру бағдарламаларының құрылысы ғана емес, мазмұнына да ерекше көңіл бөлу керектігін көрсетіп отыр», – деді ол. Жаңа білімді игеру үшін оқытушылар қауымының да біліктілігін арттыру қажет. Жұмыс берушілермен және жетістікке ие университет түлектерімен тығыз байланыс орнату да

түлектерді жұмыспен қамтуда тиімді тәсіл. Проректор құзіретті түлек дайындаудың өзіндік жүйесін ұсынды. Ол бойынша тұтынушы, жұмыс беруші, талапкерлер сұранысын зерттеу; тұтынушы және мүдделі тараптардың талабын анықтау және сараптау мәселесі алдыңғы орынға шықты. Жүйелі жоспарлау арқылы білім беру үдерісін жүргізу керек. Сондай-ақ қосымша бейіндік курстарын жүргізу және түлек деңгейінің кәсіби ассоциацияларда бағалануы аталмыш тізбекті жалғастырады. Сонымен түлек көрсетер нәтиже нақты болып, оның құзіреттілігі артпақ.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Бала кезден жырсыз таңым атпаған...

«Қасымхан Бегманов!

**Лермонтовтай тұңғыық, зілді,
терең, тәкапар; Есениндей
есіле жөнеліп, аһ ұра беріліп,
сүйгеніне, сүйіктісіне құлай
түсетін және тез жерініп,
тез опынатын ақындық
ерекше жаратылыс, ақындық
болмыс...» белгілі композитор,
өнер зерттеушісі, жазушы Илья
Жақанов өзінің Қасымхан
Бегманов туралы «Сырлы
жүрек пернесі» атты кітабында
осылай деп толғайды.**



журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасының 3 курс студенттері кездесуге шақырды. Онда жастар ақынның шығармашылығына тереңнен еніп, өлеңдері оқылды, сөзіне жазылған белгілі эстрада әншілері орындап жүрген танымал әндері шырқалды. Кешке арнайы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, жазушы-журналист Зәкір Асабаев, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Нұридин Балқияев, ақын

Алмат Исәділдер шақырылды. Эстрада әншісі Шәбә ақынның сөзіне жазылған "Алматым-әнім", "Бақыт туралы баллада" әндерін нақышына келтіре орындап, кештің көркін келтіре түсті. Жыр кешінің соңында Қасымхан Бегманов сөз сөйлеп, өзінің кітаптарын ерекше көзге түскен әдебиет жанашырларына сыйға тартты.

Айдана ҚУАНТХАНОВА

Алты баспаның иесі ҚазҰУ-ға қонаққа келді

Журналистика факультетінде жақында Т. Қожакеев залында «Қазақстан-Польша: мәдени және ақпараттық байланыстар аясындағы өркениеттер үндестігі» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті. Орталық Еуропадағы Польша мемлекеті 21 жылдан бері Қазақстанға саяси, мәдени, гуманитарлық жағынан сенімді серіктес. Сонау 1992 жылдан бері қарай 600-дей қазақстандық студенттің поляк жерінде білім алуы соның дәлелі болса керек.

өркениеттер үндестігі» халықаралық дөңгелек үстеліне Польшадан арнайы келген «Адам Marszałek» баспа үйінің президенті Адам Маршалек пен Шығыс зерттеулер орталығының директоры, профессор Иоанна Маршалек-Кава, сондай-ақ БАҚ өкілдері, ғалымдар, журналистика факультеті студенттері, магистранттары және докторанттары қатысты. Жиналғандарға Адам Маршалек баспадан шығатын журналдарға студенттердің мақалаларын, зерттеулерін шығаруға, сонымен қатар университет ұжымымен ортақ келісім жасауға әркез дайын екенін жеткізді. Сонымен қатар жиында екі ел арасындағы мәдени байланыстар да сөз болды.

Алты бірдей баспаның иесі А.

Маршалектің баспаханасынан тарих, экономика, саясаттану, педагогика, халықаралық қатынастар, филология салаларында ғылыми басылымдар мен көркем әдебиеттер жарық көреді. Сондай-ақ «Журналдар-биографиялар-естеліктер», «Филологиялық әдебиет», «Қазіргі заман проблемалары», «Еуропалық диалог», «Коммуникация ғылымы», «Бұқаралық ақпарат құралдары», т.б. көптеген кітап серияларын шығаратын бұл баспадан біздің де студенттердің ғылыми-зерттеу мақалаларын көреміз деп сенеміз.

Мәншүк АХМЕТОВА,
журналистика факультетінің
магистранты

А.Е.САДЕНОВА,
ҚазҰУ доценті

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗҰУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

12 қазаннан бастап ҚазҰУ қалашығындағы Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының артында әр сенбі сайын сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі жұмыс істейді. Өнім тікелей өндірушілерден келетін болады. Нарықтық бағадан арзан.

«Парасат» кәсіподағы

УВАЖАЕМЫЕ СТУДЕНТЫ И РАБОТНИКИ КАЗНУ!

С 12 октября на территории КазГУграда за Дворцом Студентов им.Джолдасбекова каждую субботу с 8.00 до 17.00 будет работать ярмарка сельскохозяйственной продукции. Продукция будет поступать прямо от производителей. Цены – ниже рыночных.

Профсоюз «Парасат»

ӘРІПТЕСТІК КЕЗДЕСУДІҢ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Қазақстан мен Қытай елдері арасында мәдениет пен білім саласында белсенді ынтымақтастық орнаған. Әсіресе білім саласында атқарылып жатқан шаралар аз емес. Жақында Алматыдағы Қытай Халық Республикасының консулдығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіндегі тілдік және жалпы білім беруге дайындық кафедрасының мүшелерімен өткен кездесу де тығыз әріптестікті байқатады.

Кездесу барысында кафедрада жүргізіліп жатқан білім жүйесі, оқу-әдістемелік жұмыстар, оқу-әдістемелік жабдықталу, кафедра ерекшеліктері мен басым тұстары жайлы мәлімдеме жасалды. Аталмыш кафедраның ғылыми зерттеулерінің жаңа бағыттары таныстырылды. Өз кезегінде Алматыдағы Қытай Халық Республикасының консулы Гао Чен мырза өз еліндегі жоғары оқу орындарының тарихымен, білім берудегі өзіндік жүйесімен, әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманғы жаңалықтарымен таныстырып, ой бөлісті. Тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру мақсатында өткен кездесуде екі жақты студенттермен және білікті, тәжірибелі оқытушылармен тәжірибе алмасу туралы әңгіме жалғасын тапты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылыми мәселелерге қатысты Шанхай университетінің өкілдерімен кездесу өтті

«Тәуелсіздік тағылымы – тіл. Кешегі күн - кеңес кезеңі болса, бүгінгі күн - тәуелсіздік теңізі тасып, арнасынан асып жатқан келісті кезең. Тәуелсіздіктің тірегі де, жүрегі де – тіл, ұлтымыздың түпнұсқасы да – тіл, түп тамыры да – тіл. Қазақ тілінің тағдыры – Сіз бен біздің қолымызда, қолымызда барды бағалай білейік». Көрнекті ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы жақында тіл кафедрасының ұйымдастыруымен өткен “Бірлік іргетасы - тіл” атты шарада осындай пікірін білдірді. Ана тілінің құдіретін паш еткен ұстаз сөзін жиналған бұқара да сілтідей тынып тыңдады, дүркірей қол соқты.

Мемлекет мәртебесі – мемлекеттік тілде

Қазақ тілінің тынысын кеңейтуге арналған бұл шараға гуманитарлық саланың болашақ мамандары ғана емес жаратылыстану саласының білімгерлері де қатысты. Физика техникалық факультетінің студенті Д.Мұстафиннің, география және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Д.Кисебаевтің орындауларындағы Құрманғазының «Сарыарқа» күйі, А.Качанованың орындауындағы «Желсіз түнде жарық ай» әндері көпшілік көңілінен шықты. Әсіресе география және табиғатты пайдалану факультеті студенттерінің орындауындағы «Соқыр ана» қойылымы, А.Рамазанованың «Қазақ биі» тыңдарман талғамын толықтыра түсті.

Кештің ажарын ашқан әуелеген ән де, күмбірлеген күй де, жан толқытқан жыр да мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, көсегесін көгертті. «Туған тілім тіл болудан қалса егер, жүрегімді суырып-ақ алыңдар» деп ақын жырлағанындай, туған тілдің теңізінде тербелген кеште қатысушылар көтеріңкі көңіл күйде болды. Ең бастысы, студент те, ұстаз

да туған тіл алдындағы перзенттік парызын адал атқарды.

Кешке қатысушы факультет деканы Г.Қазыбек, деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Ж.Есімова, кафедра меңгерушісі Х.Қарабаева сөз сөйлеп, туған тіл мен тәуелсіздік төңірегіндегі ойларын ортаға салды.

Факультет оқытушылары А.Жұмағұлова, А.Нұртазина, Ш.Рамазанова, А.Аширова, Ж.Абдрахманова, Л.Мекебаева кешті ұйымдастыруда белсенділік танытты.

Елдік пен ерліктің еншісі туған тілдің табиғатында жатқанын түсінген тіл жанашырларының жанын жадыратқан жұлдызды кеш болды. Ұйымдастырушылар да, қатысушылар да туған тілдің жұлдызы жоғары болатынына кәміл сенімді. Мемлекет мәртебесін биіктететін мемлекеттік тіл екеніне көпшілік қауымның көзі жетті.

Р.Қ. ӨМІРБЕКОВА,
мемлекеттік тіл
кафедрасының доценті

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен 29 қыркүйек пен 1 қазан аралығында Ақмола облысы, Щучинск ауданы «DISCOVERY-BOROVOE» ойын-сауық кешенінде аймақтық штабтар арасындағы кәсіптік қарым-қатынасты кеңейту және нығайту, жастар еңбек жасақтарының қозғалысын насихаттау, Қазақстанда мамандандырылған Халықаралық «EXPO-2017» көрмесін өткізу идеясын бұқара халыққа жария ету және түсіндіру мақсатында республикалық жастар еңбек жасақтарының слеті өтті. Ауқымды шараға Министрліктің қызметкерлері, «EXPO-2017» «Астана Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының байланыс және маркетинг департаментінің өкілдері, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының өңірлердегі штабтарының жетекшілері, менеджерлері және үздік сарбаздары қатысты.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСТАР ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЛЕТІ

Слетта сөз алған «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы басшысы Тахан Гизатов: «Слет қатысушы жастардың өте тәжірибелі мамандармен өзара тығыз байланыс орнатуына, тиімді қызмет атқаруына негіз болады. Еңбек жасақтарының жұмыстарын жақсартады. «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары еліміздің гүлденуі үшін жұмыс жасайтын жастар одағы», - деді жиналғандарға қарата. Сонымен қатар іс-шарада Білім және ғылым министрлігінің өкілдері де кезек-кезегімен сөз алып, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Мұндай лебіздерді «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының өңірлердегі штабтарының жетекшілері мен сарбаздарының ыстық тілектері жалғап жатты. Өз сөзінде Алматы қаласы «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының штабы жетекшісі Асхат Жұмақанов: «Жасыл ел» - белсенді, еңбекқор жастардың басын біріктірген орда деп білемін. Бүгінгі өтіп жатқан слеттан жасақ жетекшілері мен үздік сарбаздар мол тәжірибе жинақтайды. Себебі, бұл құрамда тың идеяшыл жастар көп», - деп түйіндеді. Ал Қызылорда облысы «Жасыл

ел» жастар еңбек жасақтарының штабы жетекшісі Жасұлан Алдабергенов: «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары Қазақстанның экологиялық және экономикалық дамуына үлес қосатын ауқымды ұйым. Бұл орта жас мамандарды шыдамдылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейді», - деп бағалады. Еліміздің әр өңірінен келген актив жастардың басын қосқан бұл шарадан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ да қалыс қалмады. Мен слетка университеттің Студенттік құрылыс жасақтарының үздік сарбазы ретінде қатыстым. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған әріптестермен іскерлік тәжірибе алмастық. Енді алған тәжірибемді өзімнің сүйікті оқу орным мен қаламды гүлдендіруге арнаймын деп мақсат қойдым. Сонымен қатар, осы іс-шараға қолдау білдіріп отырған ҚР Білім және ғылым министрлігіне және ҚазҰУ басшылығына алғыс білдіргім келеді.

Шоқан ЖҮСПЕКОВ,
философия және саясаттану факультеті
мәдениеттану мамандығының
4 курс студенті

Тәуелсіздік мол дәрiс

«Сөз қадірін өз қадірім» деп білген, құнарлы сөзді құндағынан таныған қазақ халқы қашанда ақынын ардақтап төбесіне көтере білген. Кешегі һакім Абайдан бастау алатын қазақ поэзиясы өз тыңдармандарын арттыра түспесе азайған жоқ. Соның бір дәлелі поэзия жанашыры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің оқытушысы, профессор Кәкен Хамзин кезекті дәрісін қазақ поэзиясының жас ақындарының шығармашылығымен таныстыруға арнады. Дәріске арнайы келген Бауыржан Әліқожа, Жақсылық Қазымұратұлы, Алаш Тұрсынәлі сұнды Кәкен Хамзиннің алдынан өтіп тәлімін алған шәкірттері өз туындыларын оқыды. Ақындардың барлығының өлеңдері де сезім мен ерекше иірімдерге құрылған, сонысымен елітіп тыңдармандарын баурап алды.

Жақсылық Қазымұратұлының мына бір өлең жолдары жүрегінде оты бар адамды толғандырмай қоймайды.

«Есік ашқан ақ-қара екі өмірге,
Ақындардың қош келдің, мекеніне.
Аз күн жүрсен өзің де сезінесің
Алматыға бәрібір екеніне.
Мұнда кімдер мекендеп күл төкпеген,
Мұнда кімдер нәсерлеп жыр төкпеген.
Кеңсай жаққа кеткенде талай ақын,
Бұл қаланың бүйрегі бүлк етпеген».

Иә, бәріміз де Алматыға арманның жетегімен келдік. Талай майталман ақындардың тұрағына айналған қасиетті мекеннің қара топырағын басып жүргеннің өзі бір бақыт, біз үшін...

Поэзия насихатына арналған кездесу сабақта жас ақындар өнерін көрсеткеннен кейін қарымта ретінде 1 курс студенттерінің ішінен өнерлі өрендер де қарап қалмады. Дәл осылай өрбіген дәрісіміз шәкірттерге ой салды. Сөз өнерін ұғындырды. Аға буынның орынды ақылымен кіші буынның қанаттанатыны сөзсіз. Бұл дәрістен кейін біз: «Кешегі Абайлар мен Мағжандардың заңды жалғасы - бүгінгі жастар, бүгінгі ұрпақ» екендігін түйдік.

Төлеген БЕРІКБОЛ,
журналистика факультетінің 1 курс студенті

Еуропалық білімге деген қолжетімділікті қамтамасыз ету және қазақстандық білім беру жүйесінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан жоғары оқу орындары Болон үдерісі негізінде қызмет етіп келеді. Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сай дамыту мен білім беру сапасын арттыру шараларын жүзеге асыру мақсатында университет әлемдік білім ордаларының озық тәжірибелерінің ұтымды жақтарын саралап, сапалы білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру стратегиясын қалыптастыруда.

Сыры мол сапар

Жақында ғана филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Алуа Темірболат еуропалық стандартқа сай білім алу және университет аралық тәжірибе алмасу мақсатында Испанияның Гранада университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің арасында байланыс орнатты. Бұл байланыстың нәтижесінде тәжірибе алмасу мақсатында факультеттің 1 курс магистранттары «Болон процесі жағдайындағы Еуразиялық мәдениетаралық қарым-қатынас» атты Испанияның Гранада университетіне жазғы оқу курсына барып қайтты.

Курс барысында жас ғалымдар Гранада университеті профессорларынан Испан мәдениетіне, әдебиетіне және Араб және батыс әлеміне байланысты дәріс тындап қайтты.

Магистранттарымыз сонымен бірге ғылыми семинарларға қатысты, дөңгелек үстелде пікір алмасты.

«Болон процесі жағдайындағы Еуразиялық мәдениетаралық қарым-қатынас» атты жазғы шетелдік оқу-тәжірибелік

курсы арқылы VIII ғасыр бойы арабтардың қарамағында болған испан халқының мәдениетімен, тарихи жағдайлардың ықпалы тиген әдебиетімен, өзіндік салт-дәстүрімен, сондай-ақ қазіргі таңдағы білім беру үрдісімен, жаһандандыру үдерісінің Испанияның білім беру үлгісіне әсерімен танысып, ондағы жағдайдың өтпелі кезеңде тұрғанына, білім беру тәсілінің өзінің көне дәстүрінен алшақтамай келе жатқанын аңғарды.


Бұл курстың болашақ ғалымдар үшін пайдасы да зор болды. Мәселен магистрант Ұлжан Батырбекова: «Испания сапарының университет аралық тәжірибе алмасу, еуропалық стандарттарға сай білім алу талаптарын меңгеруде, Болон үдерісін терең түсінуде маңызы зор болды», - десе Назерке Алдашова: «Жалпы Гранада университетінде тыңдаған дәрістеріміздің біздің болашақ білікті маман ретінде қалыптасуымызға ықпалы зор болды. Университетаралық тәжірибе алмасу барысында, бізге өз университетімізде де осындай курстар ашып, ол жақтағы студенттерді шақырсақ деген ой түйдік», - деген пікірде қайтты.

Гүлмәрия ОСПАНОВА

Ассоциация стипендиатов «Болашақ» объявляет республиканский конкурс для молодых экономистов «Жас Сарапшы-2013»



МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ САРЫНЫ



М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы - ХХ ғасыр басында жарық көрген кітаптар арасында ерекше тарихы бар, дара мазмұнды шығарма. Ол жарық көрген күні-ақ халық арасына кең таралып, әсіресе көзі ашық оқыған, зиялы, зерделі қауым арасында үлкен құрметке бөленді. Әдеби поцеске әсері де айтарлықтай болды. Қазақ халқын оянуға, ілгері ұмтылуға шақырған бірнеше кітапшалар да жарық көрді. Тіпті, атауының өзі осы кітаппен өзектес - «Тұр, қазақ!» атты кітап та бар.

«Оян, қазақтың!» екінші рет қайта басылуының өзі де осының дәлелі бола алады. Бұрын аты-жөні белгісіздеу ақынның мәртебесін көтеріп, атақ-даңқын елі арасында кең жайған кітап та осы. Оның ел ішінде тез таралып Қазақстанның шаруашылық істері мен кәсіби тірліктеріне, рухани өміріне, ой-санасына ықпалы зор болды. Мұның басты себебі Ресейдің отарлық саясатына қарсы батыл үн көтерген туындылардың бірі болғандығында. «Оян, қазақ!» қазақтың адами құқықтарына пысықырып та қарамай, жөн-жосықсыз қорлық пен тонаудың адам айтса нанғысыз небір сұмдықтарын шімірікпей жасай бастаған астамшыл елдің сұрқия пиғылдарын айта да, көрсете де білгендігінде.

М.Дулатұлының қазақ елі басындағы ауыр жағдайды өткір сезінуіне және саяси сипатта қабылдауына жағдай жасаған басты уақиғаның бірі қаламгердің 1906 жылы Санкт-Петербургте болуы. Қаламгердің алғашқы өлеңі «Жастарға» осындағы «Серке» газетінде жарияланған.

«Оян, қазақтың!» басты идеяларының бастауы осында - әлеуметтік, саяси күрестердің орталығына айнала бастаған қалада.

Жинақта топтастырылған шығармалардың негізгі мазмұны - туған топырағында, өз жерінде зорлық пен қорлықтан адам аярықтай тұрмыс кешкен халықтың қалт-құлт тұрмысын бейнелеу; қанау мен тонаудан, таланудан көз аспаған қазақтың қасіретке толы тұрмысын көрсету болса, басты идеясы - төзімділік көрсетіп бұға бермай бас көтеру, ояну, қарсыласу, әрекет жасау. Ең бастысы, осы өткір түрде айтылатын сөздердің бәрі жұмбақталмай, мысал жанры арқылы бүркемеленбей, астарланбай түрлі символдар мен түспалданбай ашық айтылады.

М.Дулатовтың бостандық пен тәуелсіздік идеяларынан өлердей қорыққан Ресей мемлекетінің жазалаушы ұйымдары қаламгерді бірден қауіпті адамдардың тізіміне алып, қуғын-сүргінді бастады. Туған халқының мұңын

айтамын деп өмір бойы қудалау көрген ақынның азапты жолы осылай бастады.

«Оян, қазақ!» жинағына топтастырылған өлеңдердің тақырыптары сан алуан тәрізді көрінгенмен негізгі арналары санаулы-ақ. Олар Ресейдің күн санап күшейе бастаған отарлау саясаты; орыс ұлықтарының (чиновниктерінің) алдында бас көтеруге жарамай бұққан қазақ атқамінерлері; аяусыз қанаудан, жолсыз зарлық, зомбылықтан титықтаған халық өмірі; қорлыққа төзіп, зорлыққа көніп отырған надан көпшілік; мұсылман діні мен оқу, өркениет мәселелері.

Ақын өлеңдерін оқып отырғанда Ресейдің отаршыл үкіметі мен соның сойылын соққан қазақ атқамінерлерінің сатқындығына ыза болған ақын жанының туған халқына деген ақын жүрегінің дірілін сезінесің. Қилы заманға тап болған халқына жаны ашып шығар жол іздеген қаламгердің тынымсыз ізденістерін байқайсың. Жастарды оқу-өнерге үндеген, елі үшін қызмет етуге шақырған

үні келеді құлаққа.

М.Дулатовтың шығармашылығы, әсіресе өлеңдері туралы сөз қылушы адамдардың бәрі бір ауыздан «Оян, қазақты!» атайды. Негізгі ойлары «көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты...» деген ұранның маңынан табылады. Мұның басты себебі - ақын өлеңдерінің өзегіндегі осы ойлардың әлі күнге дейін оқырман көңілін аударуында. Бірақ аталған кітап М.Дулатов шығармасының бастауында тұрса да талантты ақынның ізденістерін көрсететін әдеби-тарихи дерек ұмытпауымыз керек. Сондықтан да ендігі мақсат қарапайым тәрізді көрінгенмен қабат-қабат сезімдер құшағына оралған ойлар өрнектерін таба білуде. Қысқаша айтқанда, М.Дулатов өлеңдерін көркемдігі, ақын шеберлігі туралы байсалды ойларға баруда. Өйткені М.Дулатовтың поэзиясын тек қана саяси сипатты, ұраншыл өлеңдерден тұрады-ау деген түсініктен кететін күн әлдеқашан келді.

Алыптың асыл туындысы

*«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты.*

М.Дулатов, «Оян, қазақ!»


Тарихымыздың аласапыран кезеңінде ұлты үшін әділдікке үздіккен, қараңғы халқын білім мен ғылымға жетелеп, еркіндік пен елдікке бастаған арыстандарымыз қараңғы қазақ көгін нұрландыруға ұмтылып (С.Торайғыров), қалың ұйқыда жатқан еліне маса болып ызылдап (А.Байтұрсынұлы), «Оян, қазақ!» деп ұрандады (М.Дулатов). Ұлт тұтастығын ыдыратқан тұста жұртының жанынан табыла білген, көзі ашық ұлт зиялылары ел қамқоршысы болғандықтан ұлы тарих сахнасында патшадан тепкі көрген ақынның рөліне ие болды. Десек те, өмірін өрт шалып, өзегі талғанына қарамастан ұлт перзенттері өз биігінен көріне білді. Қазақтың мойнына түскен қыл бұғауға халқынан бұрын қылқынған Міржақып Дулат дабыл қағып, ұйқыдағы қазақты оятудың ұранын тастаған болатын. «Оян, қазақ!» сел теңізінде сендей соғылған сансыз қазақты сынаса, от қарумен ортамызға ойран салғысы келген орыстардың ойына өз халқының өктем үнін жеткізген болатын. Міржақып - халқымыздың тағдыры үшін өз өмірін бәйгеге тігіп, тәуекелге бел буып, халқының жоғын жоқтаған, мұңын мұңдаған ұлтымыздың жанашыр ұлдарының бірі.

Ақынның «Оян, қазағы» қылышынан қан тамып, улы тырнағында тыныш халықтың торғай жаны шырылдаған отаршыл империяның озбыр ойын ашып көрсетіп, бейбіт елді бекем бірлікке

шақырған бірегей туынды. Әдебиет әлемінде де, тарих сахнасында да өзіндік орны бар Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» шығармасының мазмұны қазақ халқының сол кездегі ахуалымен тығыз байланысты. Оқыған азаматтарымыз теңіздің тамшысындай, өте аз болғандықтан халқымыз ұйқыда жатқан секілді дүниедегі барлық жаңалықтардан бейхабар күн кешті. Сол кездегі патша үкіметінің айтқанын істеп, жеке дара өзіндік көзқарас қалыптастыра алмай, соқыр адамдарша өмір сүрді. Әйтсе де киелі жолды таңдаған тарих тарландары тағдырдың тепкісін көріп, өмірдің соқпағы мен сүрлеуі арқылы жүруге тура келді. Халқының осындай халі ұлт зиялыларының қабырғасын қайыстырып, жандарына батты. Өз шығармасында ақын қазақ халқының хал-ахуалын айтып, ащы шындықты ауыр болса да ашына жырлады. Бай мен кедейдің арасындағы талан таражды, бар білген, түйгенімен бөлісіп, шұрайлы жерлерінен айырылып, елінің құлдырап бара жатқанын өз шығармасында арқау етті. Ақынның ең басты мақсаты осы туындысы арқылы келешек ұрпақты кемел болашаққа жетелеп, еріншектік пен надандықтан даралау еді. Осындай мақсатқа негізделген туынды қазіргі таңда да өз сұранысын жоғалтпасы анық. Сондықтан «Оян, қазақ» деген ұлт жанашырлары тарапынан айтылған отты сөз қай заманда да тұтас ұлттың тірсегін тітіркендірген ұраны болып қала бермек.

*Айгерім ҚЫРҒЫЗБАЕВА,
филология, әдебиеттану және әлем
тілдері факультетінің 2 курс студенті*

Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі



Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шаманды кәдәри хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.

Не файда бір орыннан қозғалмайтын,
Тазармас қара су да жатқан ақпай.
Артықтан тағлым алып, кемге үйретпей,
Жүрудің лайық па ғапыл таппай.

Сен неге бой көрсетпей жасқанасың?
Тастаса көзің көрсін халық ұнатпай.
Бұл шақта сөз базары көтеріңкі,
Сынаспай бақытыңды сен де баптай.


Бірде алып, бірде қалып жүрмес пе едің,
Сөзіңді біреу сөгіп, біреу мақтай.
Бой тежеп жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған рыйзықты жүріп таппай.

Һәммәт тау кеседі деп мысалда бар,
Жігітке һүнер қайда зейін артпай.
Талапты жаңа өспірім бағландар,
Жүруге лайықты ғой атын ақтай.

Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен файда беріп халыққа жақпай.
Бәсең бол әсем болсаң деген жөнмен,
Һүнерін мұхтаждарға жүрсе сатпай.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай, тұр таң атпай.
Сөндірмей жанға өртті көрген адам,
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай.

*Үзінді. Міржақып Дулатұлы
«Оян, қазақ!»
А., «Жазушы» баспасы, 15-бет*



Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

**ҚазҰУ студенттері Е. Сметов және Е. Жұмақанов
дзюдодан өлемдік Гран-Приді иеленді**



Оралбек ЫСҚАҚ,
тарих, археология және этнология факультетінің 3 курс студенті:

«Әр адамға табиғатынан ерекше дарын беріледі, тек соны сөндіріп алмай, дамыта білу қажет»

-Сіз оқуда озат, шығармашылықта шабытты студенттің бірі де, бірегейісіз. Осындай табиғи талант қайдан дарыған деп ойлайсыз?

-Ұлы грек ойшылы Цицероннан бірде өз замандасы келіп, ғылыми жетістіктері мен ойлау ұшқырлығының құпиясын сұраған көрінеді. Сонда замандасына Цицерон қысқа түрде жауабын «Еңбек» деп қайтарса керек. Еңбек адамзат баласына қай кезде болмасын рухани қызмет атқарады, ол оның үйіне ырыс пен береке сыйлап, ал қажырлы қайратына жаңа салтанат бітіреді. Мен де өзіме Цицерон бабамыздың өсиетін өмірлік ұстаным ретінде қабыл алдым. Бір ойға түйген жаңа нәрсемді үнемі қайталап, одан өзімше жаңа қорытынды шығарумен боламын. Оқу мен шығармашылықтағы бар жетістігім де соның арқауы. Меніңше, әр адамға табиғатынан ерекше дарын беріледі, тек соны қоғамның кертартпа құбылыстары салдарынан ерте сөндіріп алмай, дамыта білу қажет. Ал ақындық өнер жағына келсек, маған ондай қасиет нағашы жұртымнан дарыды деп ойлаймын. Себебі кезінде есімі Алта Алашқа мәшһүр болған әйгілі Жиембет жырау менің арғы нағашы бабам. Сол бабамның қаны болар, мені өлең өлкесіне қанат қаққызған. «Болмасаң да, ұқсап бақ» демекші, мен ұлы ақын аталарымыздай болмасам

да, солардай болуға тырысып бағып келемін. Жалпы, менің поэзияға деген қызығушылығым мол, маған үнемі шабыт беріп өлең жазғызатын да сол қызығушылық секілді.

-Жырларыңның басты тақырыптары, мағынасы қандай бағытта жазылған?

-Өлеңдерімді көбіне азаматтық бағытта жазуға тырысып жүрмін. Мені Отан, ел тарихы, өмір, руханият, түркі мәдениеті, дала табиғаты, ата-ана тақырыптары кеңінен қызықтырады. Тұңғыш жырымды 2 сынып оқып жүрген кезімде анама арнадым. Мендік өлеңнің тұңғыш іргетасы да сол тақырыптан бастау алып қаланса керек. Мектеп бітіруге таяғанда көбіне лирикалық бағыттағы махаббат, ғашықтық жырларын жаздым. Кейін одан жаңағы айтқан азаматтық бағытқа ауыстым. Өлең жазуда 11-12 буынды қара өлең ұйқасын қолданамын. Мағынасы, ойы жағынан күрделендіруді алдыма қойған қазіргі мақсаттарымның бірі дей аламын.

-Журналист болу арман болған екен, осы жайлы да айта өтсеңіз?

-Иә, алғашында, көбісі журналистика факультетіне түскенімді жөн көрген. Мектеп ұжымы мен жора-жолдастарым да сөйтіп кеңес берген еді. Олимпиадаға да қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен қатысқаным бар. Алайда тарих мағандығын таңдадым. Себебі ел тарихы, оның өткені мен бүгіні, ертеңгі болашағы мені қатты толғандырады. Оқулығы жұқа қазақ тарихы өзіне жаңа зерттеулерді қажет етеді. Кеңестік кезінде жазылған отандық тарих социалистік мемлекеттер тарапынан көп бұрмалаушылықтарға ұшырап, біздің ата-анамыз сол кітаппен тәлім алған еді. Мұхтар Әуезов «ел болам десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болашағы тәлім-тәрбиенің дұрыс берілуі мен рухани құндылықтың азғындамауында. Ал рухани байлықтың жұтамасы үшін, алдымен, тарих ғылымын ұлт тәрбиесімен сабақтастыра білуіміз қажет деп ойлаймын. Тарих факультетіне түскендігім де сол себептен еді, келешекте ұлт баспа парақтарында жазылған тарихи мақалалардың санын көбейтім келеді.

-Сұқбатыңызға рахмет!

Сұқбаттасқан Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚОЙНЫҒЫ АШ, ДҮНИЕ..

Кей кездері мен де іштен тынамын,
Студенттік жатақхана тұрағым.
Кешіп өтіп күңгірт ойдың теңізін,
Қанып ішіп сағыныштың бұлағын.

Нұрға толы менің көңіл терезем,
Маңдайда тұр өмір сүру ережем.
Көрінбейтін артта қалды көк тұман,
Ал алдымда өмір дейтін өр өзен.

Кейде еңсемді көтертпейді бетер мұң,
Көлеңкеме күрсініп бір жөтелдім.
Ой алысқа асыққанмен балықтай,
Қай ағысқа қосылады екенмін?

Қара өлеңнің қасиеті бойда бар,
Күндес қылық біржолата жоймақ ар.
Мен бүгінге тәуелдімін себебі,
Ертең жайлы кез жетпеді ойланар.

Думандатып бір қайтайық ой, құрдас,
Келешек күн жырға нүкте қойдырмас.
Жырлап көрсем қайран Мұқағалиша,
Тар дүние, маған да бір қойныңды аш!!!

САЙҚАЛ АҚИҚАТ

Жамылған дала көрпесін,
Қандай күй бүгін шертесің?
Тынығар ма екем саяңда,
Бір құшып сүйсем жер төсін.

Құласа көзден қайта жас,
Оны да ешкім байқамас.
Тыныққым сенде келіп тұр,
Қойныңды маған айқара аш.
Оны да өзім кеш ұқтым,
Бақыттан күткен кешіктім.
Табалдырығында мұң тұр-ау,
Күзетіп сендік есіктің.

Шыдамас, бәлкім, намысым,
Құлағым шалса таныс үн.
Қаны да тамған бабамның,
Естігім келсе дауысын.

Тасыса өзен кері аға,
Қап қойған мұңның шері ода.
Сырларға толтыр санамды,
Құшағыңды аш та, Жер-ана.

Көптеген шығар ой мұнда,
Бала сезімге тойдым ба?
Жерленбей қалған ақиқат,
Жатыр ма сенің қойныңда?

Сарыла күтіп шөлдеппін,
Жанымды берер емдеп кім?
Күнәсіз сәби болсам ғой,
Бесікке салып тербеткің.

Бозарып батқан түн міне,
Алмаспын оны күлдіре.
Халқымның тамған көз жасы,
Бойыңа толық сінді ме?

Күн ерте батар бұл жақта,
Таң ерте атар бұл жақта.
Көз жасын сұрткен орамал,
Уақыты жетіп құрғап па?

Жер-ана неткен арайлы ең,
Далаңнан алғам талай дем.
Бірақ та сенің қойныңа,
Түсе қоймаспын оңаймен.
Мендегі мақсат қарлы шың,
Өкініштен соң жанды ішім.
Бес күндік жалған, ей Фәни,
Өткінші дүние армысың!

Қанжарын мұңның кеп сұқты,
Көгалы көлден от шықты.
Ақиқат еді заманым,
Ол дағы сайқал боп шықты.

Бес күндік фәни мекен ғой,
Тірлікке мына жетер ме ой?
Бұл заман түрін түрлентер,
Хамелеон болған екен ғой.

Қалармыз ертең қай торда,
Шыңдығын заман айтар ма?
Заманы сайқал болған соң,
Айналды өзі де сайқалға.

Өкпем де оған жоқ менің,
Қасірет қандай шекпедің?
Шындықтың аңдып ізінен,
Далаға қарай беттедім.

Қандай сыр маған шертесің,
Кім сүймес туған өлкесін.
Жатырмысың ей, Ақиқат,
Жамылып қайғы көрпесін.
Бір құшып-сүйіп жер төсін.

ӨЛЕҢ-ТҮЛПАР

Менің халқым аз тумаған ұлысын,
Қатал тағдыр тарылтқанмен тынысын.
Ат үстінде қайран күні көп өтті,
Душпанынан сұрамаған көмекті.
Ерлікпенен атқан талай күліп таң,
Ат үстінде кедейлігін ұмытқан.
Ат үстінде жауға шапқан атойлап,
Бәйгеге де дала кезген ат ойнап.

Мен өзіме ұланасыр бақ көрем,
Егер тойда шапсам жүйткіп атпенен.
Тұлпарымен алған елдің назарын,
Жануарын баптай білген қазағым.

Уа, ағайын, баламағың әзілге,
Өлең-жырым – менің атым әзірге.
Өлеңменен талай жерге барамын,
Арғымағын басып озам даланың.

Қайран бабам қадірлеген жылқысын,
Төрт дөңгелек көрсетті оған бір қысым.
Шыдай алмай бұл қорлыққа төзуден,
Құпиясын кеткен алып өзімен.

ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!!!

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ЗАМЕЩЕНИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ДИРЕКТОРА НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ (с изменениями и дополнениями)

КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ:

1. Высшее образование.
2. Опыт работы в области управления.

ТРЕБОВАНИЯ К КАНДИДАТАМ

- Знание:
1. Основ трудового законодательства.
 2. Нормативно-правовых актов Республики Казахстан, актов государственных органов в области образования и культуры.
 3. Основ организации труда, современных методов хозяйствования и управления.
 4. Современных IT-технологий.
 5. Государственного и английского языков.

Перечень необходимых документов:

1. заявление на имя ректора университета;
2. личный листок по учету кадров;
3. автобиография;
4. нотариально заверенные копии дипломов о высшем образовании, академической и ученой степени (при наличии);
5. список научных работ и изобретений (при наличии);
6. анкета;
7. характеристика с последнего места работы;
8. копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии);
9. медицинская справка формы №086 и снимок флюорографии.

Срок приема документов до - 8 ноября 2013 года

Документы принимаются по адресу:
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, каб. №706 - 707, с 9.00 до 18.00 ч.
(Управление кадровой и организационной работы)
Телефоны для справок:
8 (727) 377 35 35, 377 33 30 (инт.: 11-70, 11-72), факс - 377 33 44.

9 октября КазНУ совместно с Национальной коалицией «За Казахстан, свободный от табачного дыма!» проведут интерактивные лекции и дискуссии о вреде курения

1500 рет...



В ЗДОРОВОМ ТЕЛЕ - ЗДОРОВЫЙ ДУХ

По инициативе профсоюзного комитета работников «Парасат» в университете продолжает работу группа «Здоровье».

Физическая активность – это вид деятельности, который дает большой заряд энергии. Причем это касается любых упражнений. Даже небольшая прогулка пешком станет хорошей зарядкой, хотя, конечно, лучше совершать длительные походы. А еще полезнее регулярно заниматься активными двигательными упражнениями, да так, чтобы по-настоящему разогреться. Только в этом случае

вы ощутите эффект от фитнес-тренировок, которые носят, главным образом, оздоровительный характер, помогают всегда быть подтянутой, а значит, обрести бодрость и здоровье. От физической нагрузки организм не становится слабее, а наоборот, укрепляется, при этом повышается его сопротивляемость к различным неблагоприятным воздействиям. В результате чего улучшается психическое состояние. Каждому известно, как плохое самочувствие влияет на расположение духа. Но если человек основательно поработал физически, то, несмотря на усталость, он пребывает в хорошем настроении.

Тренировочные занятия групп проводятся два раза в неделю - в вечернее и удобное для студентов, преподавателей и сотрудниц университета время. Там занимаются девушки и женщины, независимо от возраста и физической подготовленности.

В процессе тренировок применяются элементы аэробики, ритмической гимнастики, йоги, даются упражнения с гимнастическими палками, гантелями, выполняются упражнения на гимнастической стенке, кариматах. Занятия проходят с музыкальным сопровождением. Желающих заниматься в группе

«Здоровья» всегда много, так как у большинства - кабинетная работа, поэтому аэробика для них просто необходима, чтобы снять усталость, эмоциональные стрессы, улучшить самочувствие, координацию движений, укрепить сердечно-сосудистую и дыхательную системы организма, улучшить кровообращение, развить гибкость и подвижность суставов, сохранить работоспособность и просто быть красивой. Поэтому приходите и обретайте красоту тела и души!

Н.П. ТАГАНОВА,
тренер, ст.преподаватель ФКиС
член профкома «Парасат»

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Фототілші – Мамыржан БОТАБЕКОВ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 11 050

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.